

# Ғибратты ғұмыр иесі



Қай білім ордасының да қуатты ресурсы – оның профессор-оқытушылар құрамы. 60 жылдық тарихы бар Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті еліміздің батыс өңіріндегі ғылым мен жоғары білімнің негізгі ошағына айналған іргелі оқу ордасы екені көпке аян. Ал осы университеттегі шоқтығы биік азаматтардың бірі – Траисов Балуаш Бақышұлы. Ол – сирек интеллект иесі, зияткер ғалым, халқымыздың кадрлар қорындағы саф алтынның сынығы һәм тау тұлға. Аты алыстарға кеткен ағамыз – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының толық мүшесі. Әрі қырық алты жыл өзі білім алған университетінен қол үзбеген бірегей жан. Осы аралықта ол аға ғылыми қызметкерден ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорға дейінгі жолды абыроймен жүріп өтті. Қиын да құрметті осынау проректорлық қызметке 17 жыл ғұмырын арнаса, «Зерде» ғылыми-өндірістік орталығының директоры болған кезде де өз іскерлігімен ерекшеленді. Қазіргі күні университетте мал шаруашылығы және биоресурстар жоғары мектебінің профессоры. Балуаш Бақышұлының бастамашыл басшылығы мен ұтымды ұйымдастырушылық қабілеті – көпке өнеге. Бұдан бөлек профессор Б. Траисов – сол кездегі университет ректоры Қазыбай Бозымовпен бірге кандидаттық және докторлық диссертация қорғау жөнінде кеңес ұйымдастырып, өзі соның тұңғыш төрағасы атанған адам. Осылайша өңірімізде ғалымдар қатарының артуына жол ашып, игілікті іс атқарғанын да көпшілік ұмыта қойған жоқ. Сондай-ақ ол кісінің В. Бальмонт, К. Медеубеков секілді ірі ғалымдармен бірлесіп, кроссбредті қой шаруашылығын дамытуға сіңірген еңбегі өз алдына бір төбе. Батыс Қазақстан аймағы үшін отандық және ше-

телдік генотиптердің түрлі тұқымдарын зерттеу арқылы Ақжайық қойларының өнімділігін арттыру әдістерін әзірледі. Осы бағытта 440-тан астам ғылыми еңбек жарияланса, оның ішінде етті-жүнді және етті-майлы асыл тұқымды қой малын жетілдіруге арналған монографиялар, оқу құралдары, өндіріске ұсынғандар бар. Соның нәтижесінде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті мал шаруашылығы бойынша жаңа селекциялық жетістікке патент алса, профессор Б. Траисов Ақжайық етті-жүнді қой тұқымының ауторы атанды.

Иә, Балуаш Бақышұлының өз ғылыми мектебі толық қалыптасқан. Бүгінде ғалымның жетекшілігімен 4 докторлық (3-еуі ауыл шаруашылығы, 1-еуі биология ғылымдары бойынша), 7 кандидаттық, 1 PhD докторы диссертациялары сәтті қорғалса, 20-дан астам магистрлік жұмыс және бар. Айта кетелік, шәкірттері Қазақстанда ғана емес, Ресейдің жоғары білім беру және ғылыми орталықтарында қызмет атқаруда. Өзім де осындай тәлімгер жолықтырған тағдырыма ризамын әрі ерекше құрмет тұтамын. Адалдығы мен адамгершілігі, қарапайымдылығы мен қамқорлығы қатар ұштасқан ұлағатты ұстаздың ғибратты ғұмыры ғасырларға жалғасқай!

**Ізімғали  
ЖҰБАНТАЕВ,  
Батыс Қазақстан  
инновациялық-  
технологиялық  
университеттің  
ғылыми жұмыс және  
халықаралық  
байланыстар жөнін-  
дегі проректоры,  
қауымдастырыл-  
ған профессор**